

БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІ

Шешендік өнердің III кезеңі. Үш би

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.02.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/46909/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Сабақтың жоспарланған кезеңдері

Сабақтағы жоспарланған жұмыс түрлері Ресурстар

Білу кезеңі

(1мин)

Түсіну кезеңі

(13 мин)

Қолдану кезеңі

10 мин

Мәтінді оқып, көтерілген мәселеге өз пікірін білдіреді.

Талдау кезеңі

«Қоржын сұрақ» әдісі

(2 мин)

Жинақтау кезеңі

(5 мин)

Қорытынды

2 мин «Миға шабуыл» әдісі слайд арқылы тақырыпқа шығу.

-Қазақтың неше жүзі бар? 3.

-Тарих пәнінен білесіңдер, осы үш жүздің билері кімдер болған? Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би.

-Қазіргі кезде осы билердің орнын кімдермен салыстыруға болады? Сот пен тергеуші.

-Халық арасында «Би екеу болса, дау төртеу болады»

деген сөз бар. Бұны даулы мәселені екі би емес, үш би шешеді деп түсіну қажет. Олар бірі айыптаушы (прокурор), екіншісі ақтаушы (адвокат), үшіншісі төбе би (судья).

-Билерге тән басты қасиеттерді атаңдар?

Әділдік, шыншылдық, батылдық, ақындық, шешендік, әдептілік, көріпкелдік, болжай білу.

-Ал енді бүгінгі сабақтың тақырыбы қандай деп ойлайсыңдар?

«Қазақтың билері»

Жаңа сабақ:

Жағымды психологиялық ахуал орнату «Тілек жазылған» конфеттер.

Жақсы, балалар, енді бүгінгі сабаққа кіріспес бұрын топқа бөлініп алайық (Алдында таратылған конфеттер түсі әдісі арқылы). 1-топ — Төле би ауылы, 2-топ – Қазыбек би ауылы, 3-топ – Әйтеке би ауылы.

Топтық жұмыс

Оқулықпен жұмыс Әр топқа жаттығу беріледі. Жаттығумен жұмыс жасалады.

I топ -15-жаттығу

II топ -19-жаттығу

III топ -20-жаттығу

«Кластер» әдісі — оқыған мәтіндерің бойынша түсінгендеріңді постерге түсіре қойыңдар. Қорғайды.

Сабақтың ғылыми жағы: АКТ-ны пайдалану арқылы Әр ауыл өзінің Биі туралы Ғалымдардың жазған ой-пікірлерін оқып, ой елегінен өткізіп өзінің сыни көзқарастарыңызды білдіріңіздер.

I топ «Төле би»

II топ « Қазыбек би»

III топ «Әйтеке би»

Жетек сұрақтар: («Қоржын сұрақ» әдісі арқылы оқушылар қоржынның ішінен жасырын сұрақ алады)

1 топ Қазақ шешендік өнері неше кезеңге бөлінеді?

2 топ: Бірінші кезеңге кімдерді жатқызамыз?

3 топ: Екінші кезең өкілдерін ата?

Тапсырма

«ПОПС» формуласы бойынша шешендік өнер не үшін қажет? баяндап айтып береді.

1. Бірінші сөйлем «Менің ойымша, ... »

2. Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ... »

3. Үшінші сөйлем «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... »

4. Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ...»

Оқушы рефлексиясы

«Бес саусақ» әдісі бойынша оқушылар тақырып аясында қорытынды жасайды

Қазақ тілі.

11-сынып. Авторы: Г. Қосымова

Алматы «Мектеп»2011

АКТ

Бағалау парағы

Қима қағаздар

«Үш шапалақ

Бағалау кезеңі 2 мин

Кері байланыс

Үйге тапсырма:

1 мин

Бағалау парағымен

Эссе «Егер мен би болсам...»

Қысқа мерзімді жоспар

Пән, Сынып Қазақ тілі. 11 сынып

Пән мұғалімі Жунусова Орынгуль Мухамеджановна

Тақырыбы Шешендік өнердің III кезеңі. Үш би

Мақсаты Оқушылар сөйлеу мәдениетін ажырата білуге, сауатты жазуға үйренеді, ауызша сөйлеу тілін, сөздік қорын дамытады

Күтілетін нәтиже Тақырып бойынша ойларын айқын тұжырымдайды;Диалогтік оқытудағы жоғары және төменгі мәртебелі сұрақтарды қойып үйренеді.-Оқушының сыни ойлауы қалыптасады

7 модульдің қолданылуы АКТ”, “Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер”, “Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау”, “Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету”, “Оқытуды басқару және көшбасшылық”.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер «Миға шабуыл»,«Тілек жазылған» конфеттер, «Кластер» әдісі, «Қоржын сұрақ», «ПОПС» формуласы, «Бес саусақ»

Қолданылатын ресурстар А3 қағазы, маркерлер, интербелсенді тақта, стикерлер, Ұялы телефон

Ұйымдастыру кезеңі

Сәлемдесу

Сынып оқушыларына жағымды ахуал туғызу

Топқа бөлу («Тілек жазылған» конфеттер арқылы 3 топқа бөлінеді) Әр топ өз орнына отырып сабаққа дайындалады